

Тәуелсіз елдің ұрпағы

Жастар мен студенттер арасында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты танымдық-тәрбиелік квест өтті

Меңдіқара аудандық Жастар ресурстық орталығы қызметкерлері аудан жастарының уақытын бос өткізбеуін қадағалап, әркез қызықты шаралар өткізуде.

Дөңгелек үстел, интеллектуалдық ойындар, түрлі акциялар күнделікті аудан еріктілерінің еңбегімен өткізілуде. Еріктілер қауымының үлкен еңбегінің арқасында аудан орталығында мұқтаж жандар мен жалғыз басты аналарға да көмек көрсетілуде.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында да көптеген шаралар қолға алынып, еріктілер мен аудан жастары орталықта бас қосуда. Іс шаралардың өткізілуіне әрдайым мұрындық болып, үлкен қолдау білдіретін Кәмшат Дөненбаева атындағы Боровской кәсіби-техникалық колледжінің ұстаздары мен студенттері. Аталмыш колледж студенттері түрлі шаралар мен қоғамдық жұмыстарда аса белсенділік танытып, өздерін жан-жақты көрсетуде.



Өткен аптада Жастар ресурстық орталығы қызметкерлері Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай, еріктілер мен студенттер арасында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты танымдық-тәрбиелік квест-ойынын өткізді. Жастар үш командаға бөлініп, қызықты ойында өз білімдерін сынап, алдын-ала дайындаған сұрақтарға нақты жауап беруге тырысты. Тартысқа түскен командалар, квест-ойынында жақсы нәтижеге қол жеткізіп, уақыттарын тиімді өткізді.

Орталық директорының міндетін атқарушы Тұрсынай Дүйсембаева қызықты шарада

белсенділік танытқан студенттер мен еріктілерге ризашылығын білдіре отырып, Алғыс хат пен естелік сыйлықтар табыс етті.

- Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай өткізілген квест ойыны қызықты өтті. Өткенге терең бойлап, тарихымызға көз жүгірту мақсатында квест-ойын бағдарламасына еліміздің тарихы мен Тәуелсіздігіміз жайлы сұрақтар еңгіздік. Жастар өз білімдерін дәлелдей білді, тарихи-танымдық сұрақтарға нақты жауап бере алды. Алдағы күндерде де ауқымды шараларды өткіземіз деген жоспарымыз бар,- дейді Тұрсынай Дүйсембаева.

Ойын соңында Жастар ресурстық орталығының әдіскері Алена Токарева жастар арасында «Жас келсе іске» атты тренинг өткізді. Тренингтің мақсаты – жастарды еңбексүйгіштікке шақыру болды.

Ел ертеңі болып саналатын, жастардың қоғамда алар орны ерекше екені белгілі. Парасатты, білімді және алғыр жастардың қоғамдық өмірге белсене араласуы қуанышты. «Жас келсе, іске» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Ісімен елге пайдасын тигізер алтын жастарымыз аман болғай.